



2000-2005 жылдарда Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды одан әрі дамыту тұжырымдамасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 25 мамыр N 790

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 2000-2005 жылдарда Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды одан әрі дамыту тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) мақұлдансын.
2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі мүдделі мемлекеттік басқару органдарымен бірлесе отырып, осы Тұжырымдаманың іске асырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 25 мамырдағы N 790
қаулысымен мақұлданған

2000-2005 жылдарда Қазақстан Республикасының
денсаулық сақтауды одан әрі дамыту
тұжырымдамасы

1. Кіріспе

Қазақстанның денсаулық сақтауы - халыққа медициналық көмек көрсетуге қол жеткізілуін, уақытылығын, сапасы мен сабақтастығын қамтамасыз етуге бейімделген әлеуметтік бағдарланған бірыңғай дамыған жүйе.

Нарық қатынастарына көшу талаптарынан туындаған елдің денсаулық сақтау жүйесінің қажетті реформасы экономиканың дағдарысты жағдайында жүзеге асырылып, недәуір жеткіліксіз қаржыландырылуы және орталықтан безіну

тенденцияларының күшеюі, ақыр соңында халықтың медициналық құраммен және төсек-орын қорымен қамтамасыз етілуінің қысқаруына, бірқатар емдеу-алдын алу мекемелерінің негізсіз жабылуына әкеп соқты.

Халықтың медициналық көмекке қол жеткізуінің төмендеуі, оның сапасының нашарлауы осының нәтижесі болды. Саланы қаржыландырудың прогрессивтік жүйесі - міндетті медициналық сақтандырудан бас тарту да бір адым кері шегіну болды, мұның өзі отандық денсаулық сақтаудағы экономикалық жағдайды елеулі түрде күрделендірді.

Сонымен бірге, осы уақытқа дейін медициналық қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу сала ерекшеліктері мен нарықтық болмыстарды ескерусіз жүзеге асырылып келеді, оларды тиімді және сапалы қызметке ынталандырмайды.

Осының бәрі халықтың денсаулық сақтауда қалыптасып отырған жағдайға теріс көзқарасына ықпал етті.

Осы ретте, Қазақстан халқының соңғы 10 жылдағы денсаулық жағдайы: өмір сүрудің орташа ұзақтығының қысқаруы, жалпы, нәресте және ана өлімі көрсеткіштерінің жоғары деңгейі, туберкулез және басқа да әлеуметтік алғышарты бар аурулардың көбеюі сияқты теріс тенденциялармен сипатталуда.

Осындай жағдайларда қолда бар жүйені жетілдіру саланы басқарудың жаңа әдістері мен модельдерін іздестіру, жұмыстың шығындық әдістерінен бөлінген мемлекет қаражатын ұтымды пайдалануға көшу, сала қызметкерлерінің оның қызметінің нәтижелері үшін жауапкершілігін, сондай-ақ еңбекақы төлеу деңгейін арттырудың негізінде денсаулық сақтауды одан әрі дамыту стратегиясын айқындаудың қажеттігі п і с і п ж е т і л д і .

Осы ретте, "Қазақстан-2030" елдің даму К972030_ стратегиясын, "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының Z970111_ Заңын, "Халық денсаулығы" мемлекеттік U984153_ бағдарламасын, елде қабылданған мемлекеттік мақсатты және кешендік өзге де бағдарламаларды, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы қолданылып жүрген нормативтік құқықтық кесімдерді басшылыққа алу қажет.

2. Тұжырымдаманың мақсаты

Осы Тұжырымдаманың мақсаты денсаулық сақтау жүйесінің азаматтардың денсаулығын жақсартуға, саланы одан әрі тұрақты дамыту негізінде халықтың медициналық қызметтердің көлемі мен сапасына сұранысын қанағаттандыруға бағытталған 2000-2005 жылдардағы кезеңге арналған стратегиялық тұғырларын белгілеу және бекіту болып табылады.

3. Негізгі қағидаттары

Тұжырымдама мына қағидаттарға негізделеді:
мемлекеттің азаматтардың денсаулық қорғау саласындағы құқықтарының
қамтамасыз етілуі үшін жауаптылығы;
азаматтардың салауатты өмір салтын қалыптастыру, өз денсаулығын күтінуі мен
сақтауы үшін жауаптылығы;
элеуметтік мәртебесіне кіріс деңгейіне және тұрғылықты жеріне

қарамастан, халықтың медициналық көмекке қол жеткізуі;
денсаулықты қорғауға, сондай-ақ денсаулық сақтау жүйесін дамытуға
жұртшылық пен азаматтардың белсенді қатысуы;
тегін негізде медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін
қамтамасыз ету;
медициналық қызметтердің сапасын басқару институтын дамыту;
денсаулық сақтау жүйесін қаржыландырудың көп арналығы;
денсаулық сақтаудың алдын алуға бағытталуы;
дәрі-дәрмектік қамтамасыз ету саласындағы қауіпсіздікті сақтау мен
отандық медициналық және фармацевтік өнеркәсіпті дамыту;
медициналық ғылым мен тәжірибенің бірлігі.

4. Денсаулық сақтауды дамытудың негізгі бағыттары

Денсаулық сақтауды дамытудың негізгі бағыттары:
денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық базаны және
ұйымдастырушылық реттеуді жетілдіру;
халықты алғашқы медициналық-санитарлық көмекпен басым қамтамасыз ету;

қажетті жағдайлар мен кадрларды даярлау мүмкіндігіне қарай жалпы практикалық
дәрігер/отбасылық дәрігер институтын дамыту;
ел халқының санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету;
қаражат түсуінің көп арналығын қамтамасыз ету, қысқартуға жатпайтын бюджеттен
қаржыландырудың тұрақтылығына қол жеткізу арқылы денсаулық сақтау салаларын
қаржыландырудың жүйесін жетілдіру;
денсаулық сақтауды басқаруды ұйымдық нығайту мен жетілдіру;
басқару мен қаржылық дербестікті және басқарудың экономикалық нысандарын
кеңейту, аз шығынды және ресурс сақтаушы жаңа медициналық технологиялар мен
халыққа медициналық көмекті ұйымдастыру және көрсету нысандарын кеңінен енгізу
арқылы денсаулық сақтау ұйымдарының желілері мен құрылымдарын, азаматтардың

денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нормативтерден төмен болмайтындай етіп, оңтайландыру;

денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторын одан әрі дамыту және қолдау;
медициналық көмекті басқарудың сапалы бірыңғай жүйесін жасау;
медициналық статистиканы жетілдіру және саланы ақпараттандыру;
медициналық және фармацевтік өнеркәсіпті дамыту, халықты және емдеу-алдын алу ұйымдарын дәрі-дәрмектік заттармен, медициналық мақсаттағы және медициналық техника бұйымдарымен қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік реттеу;

медициналық білім беру жүйесін жетілдіру және медициналық ғылымды дамыту;

салауатты өмір салтын қалыптастырудың жүйесін жетілдіру;

халықаралық ынтымақтастықты дамыту және денсаулық сақтау саласына шетелдік инвестицияларды тарту;

денсаулық сақтаудың әлеуметтік базасын кеңейту және материалдық-техникалық базасын нығайту, алдын алудың, диагностикалау мен емдеудің қазіргі заманғы технологияларын енгізу;

денсаулық сақтау қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалу деңгейін көтеру болып табылады.

5. Денсаулық сақтауды дамытудың негізгі бағыттарын іске асырудың тетіктері

Тұжырымдаманы іске асыру мақсатында "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасына және тиісті аймақтық бағдарламаларға белгіленген тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Көрсетілген құжатта ведомствоаралық және сектораралық өзара іс-қимылдарды ескере отырып, жоспарланған іс-шаралардың орындалуын заңдық, инвестициялық, құрылымдық, экономикалық, кадрлық қамтамасыз ету жөнінде шаралар көзделетін болады.

6. Денсаулық сақтауды басқаруды жетілдіру

Денсаулық сақтауды басқарудың жүйесін жетілдіру - қазіргі уақыттың көкейкесті мәселелерінің бірі.

Азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы орталық уәкілетті органның мәртебесін көтеру, саланы басқарудың бүкіл жүйесін қайта қарау және басқару

органдарының міндеттері мен функцияларын анықтау талап етіледі.

Стратегиялық жоспарлаудың ретін, саладағы іске асырылып жатқан бағдарламалардың мониторингі мен бақылануын, республикалық және жергілікті деңгейлердегі кадр әлеуеті мен денсаулық сақтау жүйесі ресурстарын басқару тиімділігін арттыру көздеуде.

Осыған байланысты, алдағы уақытта:

Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы уәкілетті органының функциялары мен рөлін күшейтуді қамтамасыз ететін, бірыңғай мемлекеттік саясатты, салааралық үйлестіруді және өзара іс-қимылды жүзеге асыратын денсаулық сақтауды басқарудың жүйесін қайта ұйымдастыруды жүргізу;

басқарудың жергілікті орындарына бағыныштылықты, бастаманы дамыту мен саланы дамытудың аймақтық жағдайларын есепке алуды сақтай отырып, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтауының барлық жүйесін тұрақты тігінен басқару құрылымын қамтамасыз ету;

денсаулық сақтау саласындағы қоғамдық бірлестіктер (қауымдастықтар, одақтар, қорлар, және т.б.) институтын дамытуға көмек көрсету;

саланың нормативтік базасын жетілдіру (стандарттар, нормативтер және т.б.);

басқару кадрларын даярлау мен қайта даярлауды тәртіпке келтіру;

денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторының медициналық және фармацевтік қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;

ерікті медициналық сақтандыру жүйесін дамыту үшін қолайлы жағдайларды жасауға ықпал ету міндеттері тұр.

7. Медициналық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру

Қазақстан Республикасындағы медициналық көмекті ұйымдастыруды жетілдірудің негізгі бағыты қымбат тұратын және тиімділігі аз стационарлық көмектің басымдылықтарын медициналық қызметтер көрсетудің қалыптасқан деңгейін сақтай отырып, амбулаторлық-емханалық көмекке қайта бағдарлау болып табылады.

Бастапқы медициналық-санитарлық көмек (бұдан әрі - БМСК) халыққа медициналық көмек көрсетудің негізгі буыны болып табылады. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының (бұдан әрі - ДДҰ) Алматы декларациясы БМСК-ны денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесін реформалау мен дамытудың неғұрлым оңтайлы және нақты жолы ретінде айқындайды.

Қазақстан Республикасында БМСК-ні жетілдіру елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын және денсаулық сақтау жүйесінің дайындығын ескере отырып, қала мен село тұрғындарына көрсетілетін амбулаториялық-емханалық көмектің қалыптасқан үлгісінің жетістіктерін сақтау арқылы кезең-кезеңімен жүзеге асырылуы тиіс.

Селодағы алғашқы медициналық-санитарлық көмектің негізгі буыны

фельдшерлік-акушерлік пункттердің жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ететін отбасылық дәрігерлік амбулаториялар болуы тиіс. Бұл ретте бастауыш буын медициналық қызметкерлерінің әрбір нақты пациентті емдеу нәтижелеріне жауапкершілігі мен мүдделілігін арттырудың тетіктері белсенді түрде іске қосылуы тиіс.

Сонымен бір мезгілде, амбулаториялық-емханалық ұйымдар жанынан денсаулық сақтаудың стационарлық секторына түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік беретін күндізгі стационарлар мен үйдегі стационарларды құру көзделіп отыр.

Денсаулық сақтаудың мамандандырылған қызметтері мен ғылыми-зерттеу ұйымдары клиникаларын, олардың жұмыстың түпкі нәтижесі үшін жауапкершілігін арттыру, қызметтерінің алдын алуға бағытталуын күшейте отырып, одан әрі дамыту көзделуде.

Балалар мен жасөспірімдерге медициналық-санитарлық көмекті жетілдіру, отбасын жоспарлау мен ана қауіпсіздігі қызметін дамытуға күш-жігерді топтастыру арқылы ана мен баланы қорғау қызметін дамытуға ерекше назар аударуды талап етеді.

Халыққа көрсетілетін мамандандырылған медициналық көмекті одан әрі дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыру қажет. Халыққа көрсетілетін кардиологиялық, кардиохирургиялық, онкологиялық, ортопедиялық және травматологиялық көмек дамытылатын болады. Жедел медициналық көмек пен апат медицинасы қызметтерін, уақытылы және сапалы медициналық көмек көрсету үшін оларды жеделірек етіп әрі қазіргі заманғы құралдармен жабдықтап нығайту қажет.

Селолық денсаулық сақтау одан әрі дамитын болады. Елдің барлық селолық елді мекендері медициналық көмекке қол жеткізуі қамтамасыз етілетін болады. Әрбір елді мекенде нормативтерге сәйкес медицина қызметкері немесе медициналық ұйым (фельдшерлік пункт, фельдшерлік-акушерлік пункт, дәрігерлік амбулатория, учаскелік аурухана) жұмыс істейтін болады. Орталық аудандық және облыстық ауруханалардың базасында емдеу-диагностикалық және консультативтік көмектің жылжымалы нысандарын, БМСК ұйымдарында - село тұрғындарын дәрі-дәрмектік заттармен қамтамасыз ету үшін жағдай жасау қажет.

Саланы нарықтық қатынастарға: меншіктің көп қатарлы нысандарын дамыту, медициналық қызметтер рыногын жасау, медициналық ұйымдардың арасында бәсекелестік қатынастар орнатуға бейімдеу көзделуде.

Жеке және заңды тұлғалардың өз қаражаты есебінен, сондай-ақ денсаулық сақтаудың, сондай-ақ ғылыми-техникалық және білім беру саласының жекелеген объектілерін жекешелендіру арқылы жасалған денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторын дамытуды қолдау аса маңызды міндет болып табылады.

Халыққа медициналық қызмет көрсетудің сапасын жақсарту мақсатында пациенттерді амбулаториялық-емханалық та, ауруханалық жағдайларда да диагностикалау мен емдеу стандарттарын енгізуге негізделген медициналық

қызметтердің сапасын басқарудың бірыңғай және үздіксіз жүйесі жасалатын, сондай-ақ медициналық қызметтер мен дәрі-дәрмектік қамтамасыз етудің сапасын бақылау жүйесі жетілдірілетін болады. Денсаулық сақтау жүйесіне қолда барларын жаңғырту мен қазіргі заманғы медициналық технологияларды енгізу, емдеу-алдын алу мекемелерін (бұдан әрі - ЕАМ) қазіргі заманғы құралдармен, телемедицинамен және ауруларды диагностикалау мен емдеуге арналған жабдықтармен жабдықтау емдік және диагностикалық аппараттарды неғұрлым тиімді пайдалану үшін орталықтандырылған сервистік қызмет құру арқылы көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын көтерудің бірыңғай салалық бағдарламасы қалыптастырылуы тиіс.

Дәрі-дәрмектік заттарды, шетелдік жабдықтарды ұтымды сатып алу механизмін әзірлеу, отандық ғылымды бір мезгілде дамыта отырып, жаңа І технологияларды енгізу, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық жабдықтар мен мүкамалдарды ө н д і р у қ а ж е т .

8. Санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету

Халық денсаулығын қорғауды қамтамасыз етудің ажырамас бөлігі болып табылатын халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығын қамтамасыз ету ісіндегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы уәкілетті органның құрамында сақталуы қажет.

Оны халықаралық стандарттарға жақындату мақсатында нормативтік-құқықтық базаны одан әрі жетілдіру және мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің (бұдан әрі - қызметтің) жұмысын заңдық қамтамасыз ету, сондай-ақ инфекциялық бақылауға жаңа көзқарас әзірлеу талап етіледі.

Таяу уақытта оның қызметінің тиімділігін арттыру, басқа бақылаушы органдармен арадағы функциялары мен өкілеттіліктерінің ара жігін жіті ажырату және ведомствоаралық өзара іс-қимылды тереңдетуді ескере отырып, қызметтің дамуының ұзақ мерзімді бағдарламасын жасап, іске асыру қажет. Қызметтің халық тұратын жердегі қолайлы экологиялық жағдайды қамтамасыз етудегі, белгіленген шаруашылықтық қызметтің жобаларын сараптаудағы, әр түрлі меншік нысандарындағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың өндірістік жағдайларын бақылаудағы р ө л і а р т т ы р ы л у ы т и і с .

Қызмет ісінде экономикалық тетіктерді жетілдіру талап етіледі. Осыған байланысты шаруашылық жүргізуші субъектілердің халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығына теріс әсерін болдырмау жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің жүргізген жұмыстарының шығындарын өтеу жүйесін жолға қою қажет. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы мен санитарлық-эпидемиологиялық қызметті ұстауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруда шаруашылық жүргізуші субъектілердің өтініштері бойынша ақылы қызмет көлемін кеңейту арқылы

қажетті жеткіліктілік қағидаты басшылыққа алынуы тиіс.

2000-2005 жылдардағы кезеңде санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің зертханалық базасын жетілдіру мүмкіндігін де қарастыру қажет.

Қызметтің таяу уақытқа арналған басты міндеттері сапалы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды қамтамасыз ету, қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу мен оның факторларының халықтың денсаулық жағдайына ықпалын зерттеу, сондай-ақ халыққа гигиеналық тәрбие беру мен оны санитарлық ағартудың тиімділігі мен пәрменділігін арттыру болып табылады.

9. Дәрі-дәрмектік қамтамасыз ету, медициналық және фармацевтік өнеркәсіпті дамыту

Халықты және денсаулық сақтау ұйымдарын дәрі-дәрмектік қамтамасыз ету саласындағы басты міндет денсаулық сақтаудың басым бағдарламаларын ескере отырып, нақты қажеттіліктер, негізгі өмірлік маңызы бар дәрі-дәрмек заттарының тізбесін ескере отырып, қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрі-дәрмектік заттармен қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен бір мезгілде, әлеуметтік мәні бар ауруларды назарға ала отырып, негізгі дәрі-дәрмектік заттарға бүкіл халық қол жеткізуі қажет.

Осы міндетті іске асыру үшін:

"Дәрі-дәрмектік заттар туралы" (жаңа редакциядағы) Қазақстан Республикасы Заңының негізінде дәрі-дәрмектік заттардың айналымын реттеу, сапасын бақылау мен дәрі-дәрмектік заттарды стандарттау үшін нормативтік құқықтық база жасау;

Негізгі өмірлік маңызы бар дәрі-дәрмектік заттардың тізбесі негізінде дәрі-дәрмектік заттарды ұтымды және тиімді пайдалану бағдарламасын жасау және жүзеге асыру;

салық және баға саясатын өзгерту арқылы дәрі-дәрмектік заттарға қол жеткізілуін, азаматтардың жекелеген санаттарын науқастарының түрлері бойынша қолдауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асыру;

дәрі-дәрмектік заттарды тұтынушыларды қорғауды қамтамасыз ету үшін дәрі-дәрмектік заттардың сапасын бақылау мен стандарттаудың мемлекеттік жүйесін дамыту және күшейту, салада дәрі-дәрмектік айналым, фармацевтік және медициналық өнеркәсіп мәселелері жөніндегі басқарудың тиісті орталық құрылымын (Комитетін) облыстардағы тиімді желісімен құру;

медициналық және фармацевтік ақпараттың ақпараттық-талдау жүйесін жасау; дәрі-дәрмектік заттар айналымы саласында ДДҰ-ның стандарттар жүйесіне көшу (тиісті зертханалық, клиникалық, өндірістік, дәріханалық және дистрибьютерлік практика) қажет.

Мемлекеттік органдар, фармацевтік және өзге де мүдделі ұйымдар, дәрігерлер мен халықтың түрлі топтары үшін дәрі-дәрмектік заттар жөніндегі ақпараттық база жасау

к ө з д е л у д е .

Табиғи дәрі-дәрмектік шикізаттарды пайдалану арқылы жұмыс істеп тұрғандарын жаңғырту және жаңа өндірістер құруға көмек көрсету негізінде отандық фармацевтік және медициналық өнеркәсіпті дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру, дәрі-дәрмектік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен құрал-жабдықтарды отандық өндірушілерді қолдау аса маңызды міндет болып табылады.

Фармация мен медицина (фармацевтер, клиникалық фармацевтер, технологтар, химиктер-аналитиктер және т.б.) үшін жоғары білікті кадрлар даярлау және қайта даярлауды жан-жақты жетілдіру қажет.

Жаңа дәрі-дәрмектік заттарды жасау мен тиімділігін зерттеу, сапасы мен жанама әсерін бағалау саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысын дамытуға ықпал ететін шаралар жүзеге асырылатын болады.

10. Медициналық білім беруді жетілдіру және кадр саясаты

Медициналық кадрлар даярлау жүйесі қазіргі заманғы технологияларды меңгерген, практикалық денсаулық сақтаудың қазіргі талаптары негізіндегі халықаралық стандарттарға сәйкес жоғары білікті мамандарды даярлау қажеттігін ескере отырып, жетілдірілуі тиіс.

Саланың келешектегі кезеңіне арналған медициналық кадрларға сұранысының есептелген және бекітілген нормативтері базалық негізі болуы тиіс медициналық білім беру жүйесін реформалаудың салалық бағдарламасы 2001 жылы әзірленетін болады.

Дәрігерлер және басқа медициналық қызметкерлер мамандығының статистикалық есеп санаты ретіндегі анықтамасын халықаралық стандарттармен сәйкес келтіру көзделуде.

Оқу-ағарту процесі әр буынының жауапкершілік саласын бөлуді қамтамасыз ету және азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы уәкілетті органның елдегі медициналық білім берудің бірыңғай жүйесін мемлекеттік басқаруды жүзеге асырудағы рөлін қайта қарау және заң жүзінде бекіту қажет. Бұл ретте алдағы уақытта барлық сала кадрларын даярлауды жоспарлау, болжау және мониторингін жетілдіру ісі тұр. "Дәрігер - орта буын қызметкері" қатынасы, соңғыларының санын көбейту жағына қарай, олардың функциялары мен жауапкершіліктерін қайта қарай отырып, өзгертілетін болады.

Дипломнан кейінгі деңгейдегі білімнің сапасы және орта медициналық құрамды даярлау мен қайта даярлауды жетілдіру айрықша назар аударуды талап етеді.

Оқу бағдарламалары стандарттарын қайта қарау, медициналық ЖОО студенттері мен орта медициналық оқу орындары оқушыларын аралық мемлекеттік аттестациялау тетігін енгізу қажет. Дипломнан кейінгі міндетті, үзіліссіз даярлық және медициналық кадрларды аттестациялау тәртібін әзірлеу керек.

Оқу процесі мен кадрлар даярлауға жаңа ақпараттық технологияларды, аудио, бейнетехникаларын енгізу керек.

Денсаулық сақтау жүйесі үшін басқару кадрларын даярлаудың арнаулы бағдарламаларын жасау және енгізу талап етіледі.

Дәрігерлерді даярлау деңгейін арттыру үшін мемлекеттік және орыс тілдеріндегі оқулықтарды, оқу құралдарын, компьютерлік бақылау және оқыту бағдарламаларын, тест тапсырмаларын, көрнекі құралдарды шығаруды мақсатты қаржыландыру қажет. Медициналық ЖОО жанынан қазіргі заманғы жабдықтармен жабдықталған үлгілік клиникалық оқу орталықтарын құру керек. ЖОО ғылымы медициналық ғылымға мемлекеттік тапсырыстың бірыңғай жүйесінде дамуы тиіс.

Кадрларды бекіту жөніндегі шаралар жүйесін көздей отырып, денсаулық сақтаудың селолық буыны үшін кадрлар даярлау мәселесіне айрықша назар аудару қажет.

Алдағы уақытта дипломдарды өзара тану жөніндегі қолда бар халықаралық келісімдерді практикалық іске асыру, өзара тиімді жағдайда мамандар даярлау және қайта даярлау, тағлымдамалар өткізу міндеті тұр.

11. Медициналық ғылымды дамыту

Азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы уәкілетті орган медициналық ғылым дамуының басым бағыттарын анықтайтын, ғылыми бағдарламаларға сараптама жүргізетін, медициналық ғылым жетістіктерін тәжірибеге енгізу туралы шешім қабылдайтын болады.

Іргелі ғылыми зерттеулер мынадай міндеттерді шешуі қажет: халықтың денсаулығын сақтау мен нығайтудың стратегиясын айқындау және іске асыру, туберкулезбен және өзге де әлеуметтік тұрғыдағы аурулармен күресудің ғылыми негіздерін жасау;

салауатты өмір салты саясатын іске асырудың оңтайлы және республика ерекшеліктерін ескере отырып, елдің демографиялық көрсеткіштерін жақсартудың тиімді әдістерін іздеу;

медициналық көмек пен денсаулық сақтауды басқаруды ұйымдастырудың жаңа схемаларын енгізу, оның ішінде басқару шешімдеріне мониторинг пен бағалауды жүргізу, ұйымдардың желілері мен құрылымдарының нормативтерін әзірлеу, денсаулық сақтау қызметкерлерінің еңбегін нормалау, медициналық көмектің сапасын бақылаудың ғылыми негізделген жүйесін жасау;

халыққа бірқатар басымдықты патологиялар бойынша медициналық көмек көрсетудің жаңа стандарттарын әзірлеу;

дәрі-дәрмектік заттардың тиімділігін зерттеу, олардың сапасы мен жанама әсерінің бар-жоқтығын бағалау;

саланы компьютерлендіру мен ақпараттандырудың ғылыми негіздерін әзірлеу.

Қолданбалы зерттеулер денсаулық сақтау жүйесіндегі реформаны ғылыми сүйемелдеуді, емдік-диагностикалық процесте жаңа технологиялар әзірлеуді қамтамасыз етуі керек.

Медицина саласындағы ғылыми-техникалық бағдарламаларды орындау, көбінесе басымдықты бағыттар бойынша мемлекеттік тапсырыс негізінде жүзеге асырылатын боларды.

Ғылыми қызметке жаңа ақпараттық технологияларды, байланыс құралдары мен телекоммуникацияларды, салада жүріп жатқан негізгі процестер мониторингінің компьютерлік бағдарламаларын енгізу қажет. Интернет жүйесінің ақпараттық қорларының мүмкіндігін пайдалану, медициналық ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту қажет.

12. Денсаулық сақтауды қаржыландыру жүйесін жетілдіру

Денсаулық сақтаудың тұрақты дамуына қол жеткізу Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынымдарын ескере отырып, денсаулық сақтауға жұмсалатын шығыстарды жыл сайын нақты арттыруды көздейді.

Денсаулық сақтауды қаржыландыру жүйесін жетілдіру медициналық ұйымдарды қаржыландыру мөлшерлерінің бөлінген қаражатты ұтымды және тиімді пайдаланған жағдайдағы олар көрсететін қызметтердің көлемі мен сапасына тікелей тәуелділігін көздейді.

Қаржыландыру жүйесі көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен деңгейіне қатысы бойынша бара-бар және уақтылы болуы тиіс.

Осы мақсатта:

медициналық көмектің тегін кепілдендірілген көлемі шеңберінде дәрігерді еркін таңдау қағидатын ескере отырып, ұсынылатын медициналық көмек көрсету үшін есеп айырысудың бірыңғай жүйесін енгізу;

медициналық көмектің тегін кепілдендірілген көлемін көрсету жөніндегі шығындарды жоспарлау және өтеу:

алғашқы медициналық-санитарлық көмек - қор ұстау және түзету коэффициенттерінің (сырқаттану деңгейі, жыныстық-жастық құрылымы, географиялық жағдайы және т.б.) тетіктерін пайдалана отырып, жан басына шаққандағы норматив бойынша. Тұрғындар саны аз селолық жерлерде нақты объект бойынша (ФАП, ФП, медициналық қызметкер);

мамандандырылған амбулаториялық-емханалық көмек - амбулаториялық-емханалық тарификатор бойынша;

стационарлық көмек - клиникалық-шығындық топтар бойынша жүзеге асырылады;

медициналық қызметтің тарифтерін белгілеудің әдістерін жетілдіру;

медициналық қызметтер рыногында бәсекелестік ортаны қалыптастыру қажет.

Денсаулық сақтауға бөлінген қаражатты мақсатты және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін:

қаражатты пайдалануға пәрменді бақылауды қамтамасыз ететін денсаулық сақтауға арналған шығыстардың (штаттық нормалауды қоса алғанда) нормативін қалыптастыру әдістемесін бекіту;

денсаулық сақтау ұйымдарында қаржылық қаражатты, оның ішінде ақылы медициналық қызмет көрсету қаражатын есепке алудың қолданыстағы жүйесінің тиісті сапасын қамтамасыз ету;

дәрі-дәрмектік заттарды, медициналық мақсаттағы және медициналық техника бұйымдарын сатып алуда конкурстық жүйені жетілдіру, денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық құрал-жабдықтармен жабдықтау үшін қаржылық лизингті кеңінен пайдалану қажет.

Емдеу-алдын алу ұйымдарына жеке және заңды тұлғалардың кінәсінен жарақат алған, уланған азаматтарға медициналық көмек көрсету кезіндегі зиянды өтеу жөніндегі шаралар заңнамада белгіленетін болады.

Қаржыландырудың мүмкін көздерінің бірі ретінде ескерілетін, қосымша қаражатты (оның ішінде отандық және шетелдік көздерден алынатын несиелер мен гранттарды) белсенді түрде тарту жөніндегі шаралар қолданылатын болады.

13. Медициналық сақтандырудың моделі туралы

Саланың қаржылық тұрақтылығын, оны қаржыландырудың көп арналылығын қамтамасыз ету шеңберінде нығайту, денсаулық сақтаудың халыққа медициналық көмекті қазіргі заманғы деңгейде көрсету жөніндегі мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында міндетті медициналық сақтандырудың (бұдан әрі - ММС) жаңа моделін енгізу қажет.

Медициналық сақтандыру жүйесіндегі халықаралық және отандық тәжірибелерді ескере отырып, ММС-ті енгізу жөніндегі қажетті нормативтік-құқықтық кесімдерді әзірлеуді 2001 жылдың бірінші жартысында аяқтау көзделуде.

14. Денсаулық сақтаудың әлеуметтік мәселелері

Саланың тиімді және нәтижелі қызметі, көбінесе медициналық қызметкердің қоғамдағы әлеуметтік мәртебесіне байланысты болады.

Осыған байланысты мынадай шараларды қабылдау көзделеді: еңбекке мүдделілігіне, біліктілігіне, сапасы мен түпкі нәтижені ескере отырып сараланған, денсаулық сақтау қызметкерлерінің жалақысын сатылап арттыру;

Денсаулық сақтаудың әлеуметтік базасын кеңейту жөніндегі жұмыс мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

қоғамдық, қайырымдылық және діни ұйымдармен ынтымақтастық;
қоғамның адамгершілік салауатын қорғауға бағытталған мемлекеттік және
қоғамдық іс-шараларға жәрдемдесу;
медициналық ағарту және медициналық ақпарат жүйелерін кеңейту, медицина
қызметкерлерінің қоғамдық бірлестіктерін құруға жәрдемдесу;
халық арасында отбасыны нығайту, салауатты өмір салты мәселелері бойынша
жұмыс жүргізу, жарнамаға бақылауды күшейту.

15. Денсаулық сақтау саласын дамытуды ақпараттық сүйемелдеу

Саланы дамыту шеңберінде жүргізілетін ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар, жүйенің барлық деңгейлеріндегі қажетті басқару шешімдерін дер кезінде қабылдау үшін денсаулық сақтау жүйесінде жүріп жатқан процестерді бейнелейтін тұрақты және сенімді ақпаратпен қамтамасыз етудің қажеттілігін көздейді. Ақпараттық сүйемелдеу, түбінде қорларды едәуір үнемдеуге алып келетін, саланы сатылап компьютерлендіруге мүмкін емес. Медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлеріндегі жоспарлау, болжау және қаржы-экономикалық өзара іс-қимыл жасау процесін жіті ұйымдастыру негізінде, шаралардың ішінен жүйе субъектілері арасындағы сапалы өзара есеп айырысу мен көрсетілетін медициналық көмектің сапасын тиімді басқаруды қамтамасыз етуді таңдау көзделуде.

Саладағы статистикалық есеп берудің қолданылып жүрген жүйесі кең және ақпараттық көрсеткіштерді пайдалану негізінде медициналық көмек көрсетудің нәтижелерін және елдегі демографиялық ахуалды және халықтың денсаулық жағдайын нақты бейнелейтін параметрлерді қадағалауды, қаржылық-экономикалық мониторингті жетілдіруді, жаңа ақпараттық технологияларды енгізуді және құжат айналымын оңайлатуды түбегейлі қайта қарауды қажет етеді.

16. Қорытынды

Осы Тұжырымдаманы іске асыру медициналық көмектің қол жеткізілуі деңгейін сақтауға және дәйекті түрде арттыруға, саланың алдын алуға бағытталуын, оның қазіргі заманғы талаптарға және қоғамның нарықтық жағдайларына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл ретте, медициналық қызмет көрсетудің аз шығынды нысандарына көшу үшін нақты жағдайлар жасау, БМСК-ні жетілдіру және саланы бара-бар қаржыландыруды

қамтамасыз ететін тетіктерді енгізу жолымен денсаулық сақтау жүйесінің серпінді дамуы мүмкін болады, бұл ретте, көзделген стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге сәйкес Қазақстан Республикасы халқының денсаулығын нығайтуды, демографиялық ахуалды тұрақтандыруды, қоғамның одан әрі дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Бағарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК